

Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және қызмет көрсету үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2006 жылғы 14 шілдедегі N 31/7 шешімі. Қарағанды облысы Теміртау қаласы Әділет басқармасында 2006 жылғы 3 тамызда N 8-3-24 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2010 жылғы 14 қыркүйектегі N 31/5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2010.09.14 N 31/5 шешімімен.

Ескерту. Шешімнің атауындағы және мәтініндегі "Аз қамтылған" сөзі "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын" сөзіне ауыстырылды; "қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон" сөзі "қызмет көрсету" сөзіне ауыстырылды - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2009.09.03 N 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 512 "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қаулысының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 шілдедегі N 710 "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" Қаулысының, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ** **ЕТТІ:**

Ескерту. Алғысөзі жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2009.09.03 N 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.

1. Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және қызмет көрсету үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Қағидасын бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау Теміртау қаласы әкімінің

орынбасары Татьяна Михайловна Куриннаяға, қалалық мыслихаттың әлеуметтік мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім 2006 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енеді.

Мәслихат хатшысы

А. Аркатов

К Е Л І С І Л Д І

"Теміртау қаласының жұмыспен
қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
Юрий Николаевич Ким

14 шілде 2006 ж.

Қ а л а л ы қ

м ә с л и х а т т ы ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

1 4

ш і л д е

3 1

с е с с и я с ы н ы ң

N

3 1 / 7

шешімімен бекітілген

Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және қызмет көрсету үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Қағидасы

Ескерту. Атауға өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2009.09.03 N 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.

Осы Қағида Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 512 "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қаулысына сәйкес да й ы н д а л ғ а н .

Ескерту. Алғысөзі жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2009.09.03 N 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидада мынандай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жиынтық табыс – отбасының ақшалай да, заттай да нысанда алған та б ы с ы н ы ң жалпы соммасы;

2) жәрдемақыны беру жөніндегі уәкілетті ұйым - екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымдар.

3) отбасы - заңнамада белгіленген тәртіпте бір мекен-жай бойынша бірге

тұратын және тіркелген, некеден, туыстықтан, балаларды асырап алудан немесе балаларды тәрбиелеуге алудан немесе балаларды басқа да үлгіде тәрбиелеуге алудан шығатын мүліктік және мүліктік емес құқықтармен және міндеттермен байланысатын тұлғалар саны;

4) өтініш беруші (жеке тұлға) – жеке өз басы немесе отбасы атынан тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауға өтініш беруші тұлға (бұдан әрі - өтініш беруші);

5) тұрғын үй жәрдемақысы – әлеуметтік тұрғыдан қорғалатындар тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметті тұтыну төлемдері бойынша шығындарын қайтару, сондай-ақ қызмет көрсету үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылулары үшін берілетін өтемақы;

6) тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті органы (бұдан әрі - уәкілетті орган) - "Теміртау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

7) тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауға құжаттар қабылдау бойынша уәкілетті орган – "Қарағанды облысының халыққа қызмет көрсету орталығы" мемлекеттік мекемесі (ары қарай - ХҚКО);

8) арнайы комиссия – тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау (қабылдау) мәселелері бойынша даулы, таластық және стандарттық емес жағдайларды шешу үшін құрылған, уәкілетті орган бастығының бұйрығымен бекітілген комиссия.

Ескерту. 1 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2009.09.03 N 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.

2. Тұрғын үй жәрдемақысы Теміртау қаласы мен Ақтау кентінде тұрғылықты тұратын адамдарға мынандай жағдайда беріледі, егер тұрғын үйді күтіп ұстау мен коммуналдық қызметті тұтыну төлеміне шаққан шығын, тұрғын үй алаңының мөлшері шегінде болса, нақты тұратын жалпы алаң көлемінен жоғары болмай және осы мақсатқа жіберілетін шығындар шегіндегі үлестен артпайтын отбасы бюджетінің коммуналдық қызметті тұтыну мен тұрғын үйді ұстауға, сонымен қатар қызмет көрсету үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына шаққан шығындар мөлшерлері болса ғана беріледі. Тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметті тұтынуға төлеу көлемі отбасының жиынтық табысының 10 % шегінде белгіленеді.

Ескерту. 2 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2008.07.02 N 11/7 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2009.09.03 N 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.

2. Көрсетілетін тұрғын үй жәрдемақысының нормасын анықтау

3. Тұрғын үй жәрдемақысы келесі нормада береді:

1) өтемақымен қамтылған тұрғын үй алаңының нормалары тұрғын үй

заңнамаларымен бекітілген (18 шаршы метр) отбасының әр мүшесіне ұсынылған тұрғын үй нормаларына балама, көп бөлмелі пәтерлерде тұратын жалғызілікті азаматтар үшін - 30 шаршы метр;

2) бір адамның коммуналдық қызметті тұтыну нормасы:
г а з :

орталықтандырылған ыстық суы бар, газ плиталарымен жабдықталған үйлерде – айына 8 килограмм;

орталықтандырылған ыстық суы бар, газ плиталарымен жабдықталмаған үйлерде – айына 10 килограмм;

тұрғын үй жәрдемақысын есептеу барысында екі қабаттан биік емес тұрғын үйде тұратындардың газ баллоны есептелінеді;
қ а т т ы о т ы н :

1 шаршы метр алаңды жылытуға –1-2 қабатта салынған үйлер үшін 346 килограмм, 3-4 қабатта салынған үйлер үшін 225 килограмм, 5 қабатты салынған үйлер үшін 134 килограмм (жылу беру мерзімі 7 айға есептегенде).

Тұрғын үй жәрдемақысын есептеу барысында статистика органдарының мәліметтері бойынша өткен тоқсандағы облыстың қалалары мен аудандарында қалыптасқан көмір бағасы пайдаланылады.

нақты шығындар бойынша отбасына электр қуатын тұтыну:
газ плитасы бар үйлерде - 150 киловатт;
электр плитасы бар үйлерде – 250 киловатт.

3) суық суды, канализацияны, ыстық суды, қоқыс шығаруды, эксплуатациялық шығындар нормалары басқару үлгісіне байланыссыз тарифтерді бекітетін органдармен қызмет көрсетушілер белгілеген тариф негізінде немесе белгіленеді.

Ескерту. 3 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2009.09.03 N 20/6 ((қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қ а р а ң ы з) ш е ш і м і м е н .

4. Тұрғын үйге төлеу мен коммуналдық қызметті нормадан жоғары тұтыну жалпы негізде жүргізіледі.

5. әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметін көрсету үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеу Қазақстан Республикасы Үкіметімен белгіленген тәртіпте тұрғын үй жәрдемақысы механизімі арқылы жүргізіледі.

Ескерту. 5 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2009.09.03 N 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.

3. Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау және төлеу тәрібі

6. Тұрғын үй жәрдемақысын уәкілетті орган олардың мекен-жайлары бойынша үй иесі немесе пайдаланушысы болып табылатын (жалға алушы, жалдаушы) жеке тұлғаларға тағайындайды.

7. Жеке меншігінде бірнеше үйі бар (пәтер, үй) немесе тұрғын үйлерін жалға беретін немесе жалдайтын отбасылар тұрғын үй жәрдемақысын алуға құқықтары жоғалтады.

8. Егер де күтімді қажет етеді деп танылған он сегіз жастан асқан азаматтарға және мүгедектерге күтім жасайтын, 3 жасқа дейінгі баланы (бір немесе бірнешеу) тәрбиелеуменен айналысатын адамдарды есепке алмағанда, отбасында жұмыс істеуге қабілеті бар адамдар тұрса, еш жерде жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін, жұмыспен қамту органдарында тіркелмеген адамдардың тұрғын үй жәрдемақысын алуға құқықтары жоқ.

9. Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау туралы дау-жанжал туғанда немесе кездейсоқ жағдайлар болған кезде мәселені шешу үшін уәкілетті орган жанындағы арнайы комиссияның қарауына беріледі. Комиссия шешімімен келіспеген жағдайда жәрдемақыға үміткер тұлға оны сот арқылы шешіп алуға құқығы бар.

10. Тұрғын үй жәрдемақысының мөлшері тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтер және қызмет көрсету телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына нақты төлемақыны аудару соммасынан артуы тиіс емес.

Ескерту. 10 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2009.09.03 N 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.

11. Нақты есептелген сомма туралы мәлімет коммуналдық қызмет жеткізушілер (қағазда немесе электронды тасмалдағышта) ұсынады.

12. Тұрғын үй жәрдемақысы қолма-қол немесе қолма-қол ақысыз беріледі. Қолма-қол ақысыз төлеу үлгісі – бұл төлемді тұрғын үй жәрдемақысының соммасын тұрғын үй және коммуналдық қызметтер төлемдеріне тең сомаға азайтады. Тұрғын үй жәрдемақысының соммасы коммуналдық қызметтерді жеткізушіге аударылады.

Қолма-қол төлеу үлгісі ақшалай төлем түрінде белгіленеді. Тұрғын үй жәрдемақысын төлеуді жәрдемақылар төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдар азаматтардың салымы бойынша есеп шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады.

Тұрғын үй жәрдемақыларын төлеу формасын таңдау құқығы (қолма-қол немесе қолма-қол ақысыз) алушыға беріледі.

13. Тұрғын үй жәрдемақылары төлемдерін қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

4. Тұрғын үй жәрдемақысын беру мерзімдері мен кезеңділігі

14. Тұрғын үй жәрдемақысын уәкілетті орган барлық қажетті құжаттарымен бірге өтінім бергенде 6 ай мерзімге тағайындайды. Отбасының құрамы және табысы туралы, сонымен қатар тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметке төленетін шығындар туралы мәліметті тоқсан сайын тұрғын үй жәрдемақысын тағайындайтын уәкілетті органға тапсырып отырады.

Ескерту. 14 тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2009.09.03 N 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қ а р а ң ы з) ш е ш і м і м е н .

15. Тұрғын үй жәрдемақысын алушылар 10 күннің ішінде тұрғын үй жәрдемақысын алу құқығына және мөлшеріне әсер ететін жағдайлар жөнінде уәкілетті органдарға хабарлауы қажет.

Өтемақыны заңсыз немесе асыра төленуіне әкеліп соқтырған жалған мәліметтер берілгені үшін үй иесі (жалға алушы, жалдаушы) алты ай көлемінде жәрдемақыны алу құқығынан айырылады, ал заңсыз алынған тұрғын үй жәрдемақы соммалары заңнамаларда бекітілген тәртіпте қайтарылуға жатады.

16. Отбасының тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметке, тұрғын үйді ұстауға, отбасы құрамы және отбасының тұтас табысының көлемі, төлеу үлесінің мөлшері, коммуналдық қызмет ставкалары мен тарифтерінің өзгерген жағдайда бұрын тағайындалған жәрдемақылар, тиісті өзгерістер болған уақыттан б а с т а п қ а й т а та ғ а й ы н д а л а д ы .

Ескерту. 16 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2008.07.02 N 11/7 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қ а р а ң ы з) ш е ш і м і м е н .

17. Жәрдемақыға құқықтылығын анықтау кезде, отбасының басқа қалаларда уақытша тұратыны, тиісті құжаттармен дәлелденген адамдар есепке алынбайды.

5. Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау туралы өтініш беру және тағайындау тәртібі

18. Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау үшін өтініш беруші тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға немесе ХҚКО келесі құжаттармен өтініш береді:

- 1) тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжатының көшірмесі;
- 3) тұрғын үйге құқығын анықтайтын құжаттың көшірмесі;
- 4) отбасы құрамын (азаматтарды тіркеу кітабы) және тұрғылықты жерін анықтайтын құжаттың көшірмесі;
- 5) өтініш берушінің отбасы жағдайын анықтайтын құжаттың (неке туралы немесе некені бұзу туралы куәлік, жалғызбасты 65 жастан асқан адамдарды, тууы туралы N 4 үлгідегі анықтама қоспағанда) көшірмесі;
- 6) отбасы мүшелерінің қызмет түрі жөнінде мәлімет;
- 7) тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтерге төлеу жөніндегі шығындар

туралы мәліметтер (түбіртек);

8) өтініш берушінің қызмет абонементі екендігін анықтайтын (келісім шарт немесе телекоммуникация қызметтер есебінің түбіртегі) құжаттың көшірмесі;

9) отбасы мүшелерінің табысы жөнінде мәлімет;

10) жұмыссыздар тұрғылықты жері бойынша немесе ХҚКО-нан жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті органның анықтамасын тапсырады;

11) сәбидің (балалардың) тууы туралы куәлігінің (куәліктерінің) көшірмесі (көшірмелері).

Ескерту. 18 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2009.09.03 N 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.

19. Құжаттың түпнұсқасымен және көшірмесі салыстырып тексеру үшін тапсырылады, тексергеннен кейін түпнұсқа өтініш берушіге қайтарылып беріледі.

20. Қажет болған жағдайда уәкілетті орган тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауға өтініш білдірген отбасының материалдық - тұрмыстық жағдайын тексеруге құқығы бар (арнаулы комиссияның тапсырысы бойынша). Тексеру актісі тұрғын үй жәрдемақысын алушының жеке ісіне тіркеледі.

21. Тапсырылған құжаттарды қарау нәтижесінде отбасына тұрғын үй жәрдемақысын беру жөнінде келісім-шарт жасалады. Келісім-шарт екі данада жасалып, оның біреуі тұрғын үй жәрдемақысын алушыда сақталады. Аталған келісім-шарт тұрғын үй жәрдемақысын алуға негіз болып табылады.

Ескерту. 21 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2009.09.03 N 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.

22. Мәліметтердің шындығына сенімсіздік туған жағдайда уәкілетті орган сұраныс жасауға құқылы, ал заңды және жеке тұлғалар тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер адамның табысы туралы мәлімет беруі керек.

23. Тұрғын үй жәрдемақысының көлемі норма шегінде тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметті пайдалануға тұрғын үй жәрдемақысын алушысының нақты төлемінен қызмет көрсету үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына төлем мен тұрғын үй жәрдемақы алуға үміткер отбасылардың шығындар деңгейінің айырмасы ретінде есептеледі.

Ескерту. 23 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2009.09.03 N 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.

6. Жиынтық табысты есептеу тәртібі

24. Тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер отбасының жиынтық табысын (бұдан әрі – жиынтық табыс) тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауды жүзеге

асыратын уәкілетті орган есептейді (бұдан әрі – уәкілетті орган).

25. Отбасының жиынтық табысын есептегенде отбасы құрамында бірге тұратын, шаруашылықты бірге жүргізетін және тұрғылықты бір жерде тіркелген отбасының барлық мүшелері ескеріледі.

Есептеу кезеңінде құрамында өзгерістер болған отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде келген (кеткен) отбасы мүшесінің табысы келген (кеткен) күні есепке алынады (есепке алынбайды).

Ескерту. 25 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2009.09.03 N 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қ а р а ң ы з) ш е ш і м і м е н .

26. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде тұрғын үй жәрдемақсына өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанда (бұдан әрі - есептеу кезеңі) Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде ақшалай немесе заттай түрде алынған табыстың барлық түрлері есептеледі.

27. Егер отбасының бір мүшесі табыс есептелетін тоқсаннан аз уақыт жұмыс істесе, осы тоқсанда жұмыс істеген барлық уақыты отбасының жиынтық табысына е с е п т е л е д і .

28. Бір тоқсанан астам уақытқа төленуге тиесілі табыс бір мезгілде алынған кезде жиынтық табысқа есептеу кезеңінде алынған табыстың барлық соммасы е с е п т е л е д і .

29. Шетелдік валютада алынған табыс Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы заңнамасында және бухгалтерлік есеп стандарттарында белгіленген тәртіппен валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютаға қайта есептеледі.

30. Орташа жан басына шаққандағы табыс отбасының тоқсан ішіндегі жиынтық табысын отбасы мүшелерінің санына және 3 айға бөлу жолымен белгіленеді.

7. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде ескерілетін табыс түрлері

31. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде есептеу кезеңінде алынған табыстың барлық түрлері ескеріледі:

- 1) еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынатын табыс;
- 2) кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен түсетін табыс;
- 3) балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент түріндегі табыс ;

4) жеке қосалқы шаруашылықтан - мал мен құс ұстауды, бағбандықты, бақша өсіруді қамтитын үй жанындағы шаруашылықтан түсетін табыс;

5) өзге де табыстар .

32. Отбасының жиынтық табысында мыналар есепке алынбайды:

- 1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;
- 2) тұрғын үй жәрдемақысы;
- 3) жерлеуге арналған бір жолғы жәрдемақы;
- 4) бала тууына байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы;
- 5) жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек.

Егер жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек мақсатына сай пайдаланылмаса, жиынтық табыс көрсетілген көмек сомасын ескере отырып есептеледі;

6) мерекелік және мерейтойлық күндерге мемлекеттік бюджет қаражаттары есебінен көрсетілетін біржолғы материалдық жәрдем;

7) отбасы мүшелерінің біреуіне осы отбасында тұрмайтын адамдарға төлейтін алимент;

8) азаматтардың тегін немесе жеңілдікпен протездеуге баруға жолына төленетін жолақы;

9) протездеу уақытында азаматтарды ұстау;

10) азаматтардың елді мекеннен тыс жерлерге емделуге жеңілдікпен жол жүру құны, қалалық қоғамдық көлікте (такси, трамвайдан басқа) жеңілдікпен жол жүру билетінің құны;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заттай көрсетілген көмек:

дәрілік препараттар;

санаторийлік-курорттық емдеу;

протездік-ортопедиялық бұйымдар (жасау және жөндеу);

жүріп-тұру құралдары (кресло-арбалар) мен мүгедектерге бөлінген басқа да сауықтыру құралдары;

білім алу кезеңінде оқушыларды тегін тамақтандыру түрінде;

білім туралы заңнамаға сәйкес білім беру ұйымдарының тегін көрсететін көмегі және тамақтандыруы;

12) ақшалай және заттай түрдегі (құндық бағадағы) қайырымдылық көмек;

13) төтенше жағдайлар салдарынан олардың денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу мақсатында отбасына көрсетілген көмек.

14) тұрғындардың көш-қоны мәселесі жөніндегі заңнамалық актілерде оралмандардың:

тұрақты тұратын мекенжайына келу және мүліктерін әкелу (оның ішінде малын);

келген жерден тұрғын үй алу шығындарының орнына төлеуге және біржолғы жәрдемақы төлемдерін төлеуге қарастырылған қаражат;

15) жергілікті бюджеттен ақшалай немесе заттай көрсетілетін көмек, оның

ішінде азаматтардың жекеленген санаттарына негізгі азықтық тағамдар бағасының өсуіне байланысты көрсетілетін материалдық көмек.

Ескерту. 32-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2008.07.02 N 11/7 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.

8. Жиынтық табысты есептеу кезінде ескерілетін, еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынған табыстар

33. Жиынтық табысты есептеу кезінде отбасының мынадай (осы Қағиданың 32-тармағында көрсетілгендерден басқа) түрде алынған табысы есепке алынады:

1) жұмыс беруші еңбекақы ретінде есептеген, сомасы атап айтқанда: жалақының барлық түрлері, оның ішінде кесімді, мерзімді, сондай-ақ ақшалай және заттай нысандағы сыйлықақылар, қосымша ақылар, үстемеақылар (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жалақысы сақталатын кезеңге қызметкерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленетін ақшалай соманы қоса алғанда, қаржыландыру көзіне қарамастан);

демалыс уақытында сақталатын жалақы, сондай-ақ пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін ақшалай өтемақы;

ұйымды (заңды тұлға) тарату немесе жұмыс берушінің (жеке тұлғаның) қызметін тоқтатқан кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде қызметкерлер саны немесе штаты қысқартқан жағдайда жеке еңбек шартының бұзылуы кезінде төленетін өтемақылар;

уақытша, маусымдық және қоғамдық жұмыстарды орындау кезеңіндегі ж а л а қ ы с ы ;

маусымдық жұмыстармен айналысатын қызметкерлердің жалақысы, оны алған кезеңнен бастап отбасының жиынтық табысына есептеледі. Жалақы болмаған кезеңде, ол жиынтық табысқа есептелмейді.

сақтандыру агенттері мен брокерлерге төленетін комиссиялық сыйақысы;

бала туғанда және жерлеуге берілетін жәрдемақылардан басқа, жалақы есептеу кезінде ескерілмейтін және ұйым қаражатының есебінен төленетін басқа

д а т ө л е м т ү р л е р і ;

мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің ақшалай үлесін қоспағанда, әскери қызметшілердің, оның ішінде келісім-шарт бойынша қызмет өткеріп жүргендердің және ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының, сондай-ақ соларға теңестірілген азаматтар санаттарының үстемеақылары мен қосымша ақылары ескерілген ақшалай үлесі;

жалдау бойынша төленетін еңбекақы; жұмыс беруші төлеген несиесі сомасы. Көрсетілген төлемдер несиені өтеудің белгіленген мерзіміне бөліп таратылады;

2) әлеуметтік төлемдер, атап айтқанда:

зейнетақылардың барлық түрлері оларға, Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен тағайындалатын өтемақы төлемдері;

мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар; арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар;

жерасты және ашық кен жұмыстарында, сондай-ақ еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнаулы жәрдемақылар;

мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер;

бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне берілетін мемлекеттік жәрдемақылар;

он сегіз жасқа толғанға дейінгі балаларға төленетін айналымға мемлекеттік жәрдемақы;

үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек-балаларды материалдық қамсыздандыру;

қаржыландыру көзіне қарамастан, оқушыларға, студенттерге, аспиранттарға, докторанттарға, басқа да оқу орындарының тыңдаушыларына төленетін стипендия;

жұмыс берушінің қаражаты есебінен берілетін әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақылар;

1, 2-топтағы жалғыздікті, басқа адамның көмегіне мұқтаж мүгедектердің мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларына қосылатын күтімге арналған қосымша үстемеақылар мен жергілікті мемлекеттік басқару органдарының шешімі бойынша бюджеттен берілетін басқа да қосымша төлемдер;

заңдарға және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес берілетін (осы Қағиданың 32-тармағының 11) тармақшасында көрсетілгендерден басқа) заттай көмек түрлерінің құны, сондай-ақ осы көмектің орнына төленетін сома;

осы бөлімде көрсетілген, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген, жергілікті мемлекеттік басқару органдары, мекемелер мен басқа да ұйымдар белгілеген барлық төлем түрлеріне өзге де үстемеақылар мен қосымша ақылар.

Ескерту. 33 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2009.09.03 N 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.

34. Жиынтық табыстың құрамына қызметкер еңбек және қызметтік міндеттерін атқару кезінде, оның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы заңнамаға сәйкес жұмыс беруші төлейтін бір жолғы төлемдер мен айналымға сома қосылады.

35. Еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынған табыс, олардың мөлшері туралы анықтамалармен расталады.

9. Жиынтық табысты есептеу кезінде ескерілетін кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен алынатын табыстар

36. Жиынтық табысты есептеу кезінде ескерілетін кәсіпкерліктен және басқа да қызмет түрлерінен алынатын табыстар:

1) өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан;
2) тауарлық-материалдық құндылықтарды, мүлікті сату кезіндегі құн өсімінен ;

3) шаруа (фермер) қожалығы қызметінің нәтижесінде және шартты жер үлесі мен мүлік жарнасынан алынған.

Шаруа қожалығы мүшелерінің жиынтық табысын есептеу салық органдарына ұсынылатын, алынған табыс туралы декларацияда көрсетілген ауыл шаруашылығы өнімін сатудан нақты алынған табыс ескеріле отырып жүргізіледі. Бұл ретте жылдық табыс он екі айға бөлінеді және оның тиісті бөлігі айқындалатын кезеңдегі жалпы жиынтық табысқа қосылады;

4) өзін-өзі жұмыспен қамтудан түскен табыстар.

37. Жекелеген азаматтарда жұмыс істейтін адамдар жалақысын шарттың көшірмесімен, жалға алушының анықтамасымен немесе өтініш негізінде р а с т а й д ы .

Жеке азаматтарда шарттар жасамай жұмыс істейтін адамдардың жиынтық табысы, олардың өтініштері негізінде расталады. Бұл ретте жалақының заттай бөлігі жиынтық табысқа нарықтық баға бойынша ақшалай баламада қосылады.

38. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың табысы жазбаша өтінішпен р а с т а л а д ы .

39. Кәсіпкерлік қызметпен арнаулы салық режимі жағдайында айналысатын адамдардың табысы бір жолғы талон, патент, оңайлатылған декларация негізінде р а с т а л а д ы .

Шаруа (фермер) қожалығы қызметінің нәтижесінде алынған табысты қоса алғанда, ресми расталмаған табыс әрбір жұмыс істеушіге шаққанда ең төмен жалақыдан кем емес мөлшерде есепке алынады.

10. Жиынтық табысты есептеу кезінде ескерілетін, балаларға және басқа да асырауындағыларға алимент түрінде алатын табыстары

40. Балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент жиынтық табыс құрамында кіреді.

Алименттер, сондай-ақ алимент төлеушінің жалақысын қайта есептеуге байланысты алынған алименттің қосымша сомасы жиынтық табысқа, олардың алынған уақыты бойынша есепке алынады.

41. Адамдардың асырауындағыларды ұстауға міндетті адамның тұрғылықты

жері туралы мәліметтердің болмауы себебінен алимент өндіріп алуға мүмкіндігі болмаған жағдайда, отбасының жиынтық табысы көрсетілген адамның іздеуде жүргені туралы тиісті органдардан алынған құжаттар қоса берілген жазбаша өтініш негізінде есептеледі.

42. Егер төлеуші алимент төлеуден жалтарған жағдайда, жиынтық табысқа алимент есепке алынбай есептеледі (сот атқарушысының анықтамасы болған жағдайда).

43. Жиынтық табыс алименттерді есепке алмай мына жағдайларда есептеледі: егер төлеуші бас бостандығынан айыру орындарында немесе уақытша ұстау изоляторында болса (түзеу мекемесінен балаларына алимент аудармайды бас бостандығынан айыру орындарында немесе уақытша ұстау изоляторында ұстау уақытын көсету деген анықтама сот орындаушысынан немесе берілген жағдайда);

туберкулездік, психоневрологиялық диспансерлерде (стационарларда), еңбекпен түзеу профилакториясында емделуде немесе есепте болған болса (анықтамалармен негізделгенде);

Қазақстан Республикасымен тиісті келісімі жоқ мемлекетке тұрғылықты тұруға кеткен болса;

өкілетті орган анықтамасымен расталған ішкілікке салынған, нашакорлық жолына түсіп, балаларын мен басқа да асырауындағыларды күтеуден бас тартқан болса.

Ескерту. 43 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2008.07.02 N 11/7 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.

44. Егер баланың анасы баланың әкесімен некеде тұрмаса, онымен бірге тұрмаса және алимент өндіріп алу туралы сот шешімі болмаса, жиынтық табыс алиментті есепке алмай есептеледі.

45. Егер ата-анасының арасында неке бұзылмай жұбайлардың біреуінен алимент өндіріп алынса, осы жұбайы отбасымен бірге тұрған кезде оның табысы жиынтық табыста толық есепке алынады. Жұбайлар бөлек тұрған жағдайда, отбасының жиынтық табысында алимент есепке алынады.

46. Балаларға және басқа да асырауындағыларға алынған алимент ұйымдардың аударылған алимент туралы анықтамаларымен не пошта аударымдарының алынған алимент туралы түбіртегімен, сондай-ақ сот органдарының алимент өндіріп алу туралы шешімі қоса берілген жазбаша өтініш негізінде расталады. Алимент бойынша 3 айдан астам кезең үшін берешек пайда болғанда сот орындаушысының алимент бойынша берешекті айқындау туралы қаулысы ұсынылады.

11. Жиынтық табысты есептеу кезінде ескерілетін, жеке қосалқы шаруашылықтан алынған табыстар

47. Жеке қосалқы шаруашылықтан (үй малын, құс өсіруден, ауыл шаруашылығы (гүл) өнімдерін өсіруден) түскен табыс жиынтық табыстың құрамына қосылады.

48. Жиынтық табыста есепке алынатын жеке қосалқы шаруашылықтан, ауыл шаруашылығы (гүл) өнімдерін өсіруден, мал мен құс ұстаудан және өсіруден алынған табыс өтініш берушінің жеке қосалқы шаруашылығы және оның мөлшері туралы мәліметтерінің негізінде есептеледі.

49. Жеке қосалқы шаруашылықтан алынған табысты уәкілетті орган осы Қағиданың 6, 7, 8 қосымшаларының негізінде есептейді. Теміртау қаласы Қарағанды облысының табиғат жағдайына байланысты қуаң далаға жатады.

Жеке қосалқы шаруашылықта өсірілген гүл өнімдерін сатудан, сондай-ақ терісі бағалы аңдар, ара, құс (тауықтан, қаздан, үйректен басқа) өсіруден алынған табыс жиынтық табысқа жазбаша өтініштің негізінде қосылады.

50. Бір сотка жерден (бір бастан) өндірілген өнімнің құны өсірілетін дақылдың орташа түсімін (жеке қосалқы шаруашылықта ұсталатын мал мен құстың орташа өнімділігін) 1 кг өнімнің орташа бағасына көбейту жолымен айқындалады (осы Қағиданың 6-қосымшасына сәйкес) және шығыстардың орташа деңгейі шегеріледі.

51. Табысты есептеу үшін алдыңғы күнтізбелік жылдың өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдеріне облыста қалыптасқан, облыстық статистика органдары облыстық уәкілетті органға ұсынатын орташа жылдық бағалары пайдаланылады.

Малды (құсты) есепті кезеңде сату кезінде жиынтық табысқа облыстық статистика органдарының деректері бойынша тірі мал нарығында қалыптасқан бағалар бойынша бір жолғы табыс қосылады.

Жиынтық табыс жұмыс малы (жылқы, түйе және басқалары) мен бір жыл ішінде төлдемеген малдан (мәселен, қысыр сиыр) түскен табыс ескерілмей есептеледі. Жеке қосалқы шаруашылықта көрсетілген мал бір жылдан астам ұсталса, табыс ет бағытындағы малдан түскен табыс ретінде есепке алынады.

52. Осы Қағиданың 7-қосымшасына сәйкес өнім бермейтін жастағы (төл) үй малынан, құстан түсетін табыс ол сыйға тартылған немесе өткізілген (сату, сою) жағдайда ғана есепке алынады. Төлдің құны отбасының жиынтық табысына тірі мал нарығында қалыптасқан, облыстық статистика органдары ұсынған бағалар бойынша қосылады.

53. Үй малы, құс болған кезде жиынтық табыс (осы Қағиданың 52-тармағында көрсетілгендерден басқа) табыстың жылдық сомасын он екі айға бөлу жолымен айқындалады. Шыққан сан есептеу кезеңдегі айлардың санына

к ө б е й т і л е д і .

54. Жеке қосалқы шаруашылықтан түскен табыс есебінің жеке нормативтік карточкасын (осы Қағиданың 8-қосымшасына сәйкес) уәкілетті орган өтініш берушінің деректері негізінде толтырады.

12. Жиынтық табысты есептеу кезінде ескерілетін өзге табыстар

55. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде мынадай өзге де табыстар ескертіледі :

- 1) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден;
- 2) бағалы қағаздардан (дивидендтер);
- 3) шетелдік валютаны өткізуден;
- 4) асыл тастар мен қымбат бағалы металдарды, олардан жасалған зергерлік бұйымдарды және құрамында асыл тастар мен қымбат бағалы металдар бар басқа да заттарды, сондай-ақ өнер туындыларын және антиквариат сатудан;
- 5) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан;
- 6) авторлық сыйақы түріндегі;
- 7) жылжымайтын мүлікті, көлік құралдарын және басқа да мүлікті сыйғарту, мұрагерлікке алу түрінде алынған;
- 8) несиені (шағын несиені) пайдаланудан;
- 9) қайтарымсыз алынған ақшадан;
- 10) ақша салымдары бойынша сыйақы (мүдде);
- 11) ақшалай аударымдар;
- 12) байқауларда, жарыстарда (олимпиадаларда), фестивальдарда, лотереялар, салымдар мен борышкерлік бағалы қағаздар бойынша ұтыстарды қоса алғанда, ақшалай және (немесе) заттай түрдегі ұтыстар;
- 13) туысқандарының және басқа да адамдардың ақшалай және заттай көмегін (күн түрінде) қоса алғанда, өзге де анықталған табыстар.

Көрсетілген табыс алынған уақыты бойынша есепке алынады және жазбаша өтінішпен расталады .

Орта білім беру, сондай-ақ жоғары және орта арнаулы білім беру жүйесінде ақылы негізде күндізгі бөлімде оқитын, шәкіртақы алмайтын студенттердің жиынтық табысына ерікті айтылған табысы есептеледі.

56. Жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден алынған, ресми расталмаған табыс бір айдағы ең төмен жалақыдан кем емес мөлшерде есепке алынады .

57. Алынған несиелердің (шағын несиелердің) сомасы жиынтық табыста есепке алынбайды .

58. Жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан алынған табыс, оның алынған күннен бастап жалпы жиынтық табысқа қосылады.

Басқа жылжымайтын мүлікті (көлік құралын) сатып алған жағдайда,

жылжымайтын мүлікті (көлік құралын) сатудан алынған сома мен сатып алынған жылжымайтын мүлік (көлік құралы) құнының арасындағы айырма отбасының жиынтық табысында есепке алынады.

Теміртау қалалық мәслихаттың
2006 жылғы 14 шілде
31 сессиясының N 31/7 шешіміне

1 қосымша

**Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау туралы
ӨТІНІШ**

Ескерту. 1 қосымшаға өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2009.09.03 N 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.

Өтініш етушіні қоса есептегенде _____ адамнан тұратын менің отбасыма тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметке, сондай-ақ қызмет көрсету үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуы бойынша төленген шығындарды қайтару үшін жәрдемақы төлеуіңізді өтінем.

Мен және менің отбасымның мүшелері, біздің келісіміміздің айғағы ретінде, отбасы мүшелерінің жеке және заңды тұлғаларға көрсетуге болатын табыстары туралы мәліметтерді "Теміртау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі беруге рұқсат етеміз.

ӨТІНІШ ИЕСІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Ф.А.Т. _____

Жеке басын куәландыратын құжаты _____

_____ (өтініш етушінің туған күні, айы, жылы,

күжаттың берілген күні ж/е нөмірі)

СТТН _____ ӘЖК _____

Табыс түрі _____

Өтініште көрсетілген табыстардан басқа табыстарым жоқ _____

Мекен-жайым _____

Телефон _____

Қызмет көрсетуші _____ Типі _____

(коммуналдық қызмет көрсетуші) (жеке меншіктік, мемлекеттік)

Жалпы алаңы _____ Бөлмелер саны _____

Өтініш берушінің қолы _____

Берілген күні _____

Теміртау қалалық мәслихаттың
2006 жылғы 14 шілде

2 қосымша

**Тұрғын үй жәрдемақысын беруге
КЕЛІСІМ-ШАРТ**

Ескерту. 2 қосымшаға өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2008.07.02 N 11/7 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2009.09.03 N 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.

Теміртау қаласы 200__ж. " __ " _____

1. "Теміртау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бір жақтан және екінші жақтан тұрғын үй иесі (жалдаушы, жалға алушы) төмендегідей етіп осы келісім-шартты жасады.

2. "Теміртау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі тұрғын үй иесімен (жалдаушымен, жалға алушымен) ұсынылған құжаттар негізінде тұрғын үй жәрдемақысына өтініш берген айдан бастап, қолма-қол немесе қолма-қол ақысыз түрінде алты ай мерзімге отбасысы _____ адамнан тұратын, _____

_____ тағайындалады.

үй иесінің (жалдаушының, жалға алушының Ф.А.Т.)

3. Өтемақыны заңсыз немесе асыра төленуіне әкеліп соқтырған жалған мәліметтерді "Теміртау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бергені үшін үй иесі, (жалға алушы, жалдаушы) алты ай көлемінде жәрдемақыны алу құқығынан айырылады, ал заңсыз алынған тұрғын үй жәрдемақы соммалары бекітілген заңнамалық тәртіпте қ а й т а р ы л у ғ а ж а т а д ы .

4. Тұрғын үй иесі (жалдаушы, жалға алушы) "Теміртау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне тоқсан сайын тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызметтер бойынша, сондай-ақ отбасы құрамы мен табыстары туралы мәліметтерді (түбіртектерді) әкеліп өткізуі к е р е к .

5. Осы келісім-шарт тұрғын үй жәрдемақысын беру үшін негіз болып т а б ы л а д ы .

6. *Алынып тасталды - Теміртау қалалық мәслихатының 2009.09.03 N 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.*

7. Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызмет ақысын төлеуге рұқсат етілетін шығындар шегінің үлесі, коммуналдық қызметтердің тұрғын үйді ұстау

тарифтері, отбасы құрамы мен жиынды отбасы табыстарының мөлшері өзгерген жағдайда, бұрында тағайындалған жәрдемақылар соммасы, тиісті өзгерістер болған уақыттан бастап қайта тағайындалады.

"Теміртау қаласының жұмыспен
камту және әлеуметтік
Баспана иесі
(жалдаушы, жалға беруші)
бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
б а с т ы ғ ы

_____ (қолы) _____ (қолы) _____
Теміртау қалалық мәслихаттың
2006 жылғы 14 шілде
31 сессиясының N 31/7 шешіміне
3 қосымша
**Тұрып жатқан баспанасының жалпы алаңының көлемі
мен отбасы құрамы туралы
АНЫҚТАМА**

Ескерту. 3 қосымшаға өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2009.09.03 N 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.

_____ азамат(ша)
мына мекен-жайда тұратындығы анық: _____

_____ көшесі (ықшамаудан) ___ үй ___ пәтер

Отбасысы _____ адамнан құралған. Пәтерінің көлемі _____

Пәтерге құқығын белгілейтін құжат N _____ 200__ж "___" _____

б е р і л г е н .

Ордер N _____ 200__ж. "___" _____

Негізгі пәтер-үй иесімен бірге тұратындар:

Ф.А.Т.	Туған жылы	Туысқандық қатынасы	Қай уақыттан бастап бірге тұрып жатыр

Анықтама азаматтарды тіркеу кітабы негізінде толтырылады.

200__ ж. " __ " _____ Қабылдаған маманның қолы _____

Теміртау қалалық мәслихаттың

2006 жылғы 14 шілде

31 сессиясының N 31/7 шешіміне

4 қосымша

Отбасының барлық мүшелерінің табыстары туралы

АНЫҚТАМА

Отбасы мүшесінің Ф.А.Т. _____

Айы, жылы																				
Зейнетақы																				
Мемлекеттік арнайы жәрдемақы																				
Арнайы мемлекеттік жәрдемақы																				
Айлық																				
Басқалар																				

Отбасы мүшесінің Ф.А.Т. _____

Айы, жылы																				
Зейнетақы																				
Мемлекеттік арнайы жәрдемақы																				
Арнайы мемлекеттік жәрдемақы																				
Айлық																				
Басқалар																				

Түсініктеме: Табыс соммасы сәйкес құжатпен дәлелденуі қажет. Табыс соммалары өткен тоқсандағы алынған табыстармен толтырылады, тұрғын үй жәрдемақысы өтіп жатқан тоқсанға тағайындалады.

Өтініш иесінің қолы _____ Берілген күні _____

Теміртау қалалық мәслихаттың

2006 жылғы 14 шілде

31 сессиясының N 31/7 шешіміне

5 қосымша

200__ жылдың _____

тұрғын үйін ұстауға және коммуналдық қызметтерге төленетін шығындары

т у р а л ы

МӘЛІМЕТТЕР

Төлеуші _____
 (тұрғын үй иесінің, жалдаушының

 жалға алушының Ф.А.Т.)

Әлеуметтік топ:
 зейнеткер
 жұмыссыз
 жұмыс істейтіндер
 басқалары

Мекен-жайы _____
 Жалпы көлемі __ ш.м. Бөлме саны __ Әлеуметтік норма __
 Үйдің жалпы көрінісі _____
 (баллонды газ немесе, электр плитлары) Жиынтық табыс:
 Жеке шот _____ тоқсан

_____ тоқсан

Төлем түрі	Есептелгені	Есептелгені	Есептелгені	Есептелгені	Есептелгені
1. Баспанасын ұстауға арналған шығындар					
2. Жылыту					
3. Салқын су					
4. Канализация					
5. Ыстық су					
6. Қоқыс шығару					
7.Электроэнергия					
8. Газ					
9. Телефон					
БАРЫ-ЖОҒЫ:					

200__ ж. " __ " _____ Қабылдаған маман қолы _____

Теміртау қалалық мәслихаттың

2006 жылғы 14 шілде

31 сессиясының N 31/7 шешіміне

6 қосымша

Қуаң дала аймағындағы жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін табысты есептеудің нормативтік карточкасы

Өсімдік шаруашылығының өнімі

Өнім	Жердің 1 соткасының орташа түсімі, кг	Жердің 1 соткасына жұмсалған шығыстың орташа еңгейі, теңге	1 кг өнімнің орташа бағасы, теңге	1 соткадан өндірілген өнімнің құны, теңге (2-бағ. x 4-бағ.)	1 сотка жерден түскен табыс (+), шығыс (-), теңге (5-6 ағ-3-ағ.)
1	2	3	4	5	6
Бидай	20	268			
Арпа	25	188			

Қарамық	5	150			
Жүгері (жасыл салмағы)	100	128			
Көп жылдық шөптер	15	91			
Бір жылдық шөптер	10	83			
Картоп	70	1164			
Көкөністер	80	1245			
Бақшалар	115	518			
Шекілдеуік бақтары (алма, алмұрт және басқалары)	30	583			
Сүйекті жеміс бақтары (өрік, қара өрік және басқалары)	22	514			
Жидек дақылдары	23	819			
Жүзім	22	595			

Мал шаруашылығының өнімі

Өнім	1 бастан алатын орташа өнімділік кг (л)	1 басқа жұмсалған шығыстың орташа деңгейі, теңге	1 кг өнімнің, (1 л, 10 дана жұмырт қаның) орташа бағасы, теңге	1 бастан өндірілген өнімнің орташа бағасы теңге (2-бағ.х 4-бағ.)	1 бастан түскен табыс (+), шығыс (-), теңге (5-бағ - 3-бағ.)
1	2	3	4	5	6
Сүтті ірі қара мал (сүт)	1900	21034			
Етті ірі қара мал (сиыр еті)	179	16435			
Шошқалар (шошқа еті)	110	9107			
Қойлар, ешкілер ет/жүн	22/2,5	3042			
Жылқы (жылқы еті)	124	7446			
Түйе (түйе еті)	126	2979			
Жұмыртқалайтын құс (2 0 0 жұмыртқа)		728			
Етті құс (құс еті)	2,5	489			
Жүзім					

Теміртау

қалалық

мәслихаттың

2006

жылғы

14

шілде

31

сессиясының

N

31/7

шешіміне

7 қосымша

АЗЫҚ-ТҮЛІКТІК

ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН

ҮЙ

МАЛДАРЫ

МЕН

ҚҰСТАРЫНЫҢ

ЖАСЫ

Малдардың түрі	Өлшем бірлігі	Өнім беру жағдайына жеткен мал төлінің және құстардың жасы
Ірі қара мал	Ай	25
Қойлар мен ешкілер	Ай	12
Шошқалар	Ай	10

Жылқылар	Ай	16
Түйелер	Ай	18
Жұмыртқалайтын құс	Күн	195
Етті құс	Күн	125

Теміртау қалалық мәслихаттың
2006 жылғы 14 шілде
31 сессиясының N 31/7 шешіміне
8 қосымша

**Жеке қосалқы шаруашылығынан түсетін табыс есебінің
ҮЛГІ ЖЕКЕ НОРМАТИВТІК КАРТОЧКАСЫ**

Өтініш берушінің Т.А.Ә. _____

Үйінің мекен-жайы _____

Ауыл шаруашылығы дақылдарының, үй малдарының, құстарының түрлері	жер, сотка, мал басы, саны	Жылына түсетін табыс нормативі, теңге	жылына түсетін табыстың барлығы, теңге	бір тоқсанда түсетін табыстың барлығы, теңге
Бидай				
Арпа				
Дәні алынатын жүгері				
Күріш				
Қарамық				
Картоп				
Көкөністер				
Бақшалар				
Күнбағыс				
Қант қызылшасы				
Темекі				
Шекілдеуік бақтары				
Сүйекті жеміс бақтары				
Жемістер				
Жүзім				
Көп жылдық шөп				
Бір жылдық шөп				
Жасыл жемге берілетін жүгері				
Сүтті ірі қара мал				
Етті ірі қара мал				
Шошқалар				
Қойлар мен ешкілер				
Жылқылар				
Түйелер				
Жұмыртқалайтын құс				
Етті құс				
Жиыны: бір жылғы табыс	X	X		X

Жиыны: бір тоқсандағы табыс	X	X	X	
-----------------------------	---	---	---	--

200__ж. "___"_____

(өтініш берушінің қолы)

(есепті жасаған адамның Т.А.Ә. және қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК